

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 325 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарына толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 91 қаулысы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1468. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 қарашадағы № 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.11.01 № 88 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рақымшылық жасалған Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 325 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарына толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыздағы N 325 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарына толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыздағы N 325 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарына толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Н.Қ. Абдуллинаға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 9 сәуірдегі
N 91 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарын бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 325 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарына толықтырулар

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 24 тамыздағы N 325 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің Бас бухгалтерлік кітабын жасауға арналған бухгалтерлік есептің толық есепшот жоспарының 2-тармағына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 2200 есепшоттар тобы "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар" 2222 000 есепшоттарының шағын топтарымен толықтырылсын:

2222 191 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша теңгемен арнайы есепшоттар (үй шаруашылығына);

2222 192 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша ЕАВ-мен арнайы есепшоттар (үй шаруашылығына);

2222 193 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша ВБТ-мен арнайы есепшоттар (үй шаруашылығына);

2) 2700 есепшоттар тобы "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар бойынша есептелген шығыстар" 2722 000 есепшоттарының шағын топтарымен толықтырылсын:

- 2722 191 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар бойынша теңгемен есептелген шығыстар (үй шаруашылығына);
- 2722 192 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар ЕАВ-мен теңгемен есептелген шығыстар (үй шаруашылығына);
- 2722 193 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар бойынша ВБТ-мен есептелген шығыстар (үй шаруашылығына);

3) 5200 есепшоттар тобы "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар" 5222 000 есепшоттарының шағын топтарымен толықтырылсын:

- 5222 191 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар бойынша теңгемен сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (үй шаруашылығына);
- 5222 192 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар бойынша ЕАВ-мен сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (үй шаруашылығына);
- 5222 193 Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуі бойынша арнайы есепшоттар бойынша ВБТ-мен сыйақы төлеуге байланысты шығыстар (үй шаруашылығына).

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

М а м а н д а р :
И к е б а е в а Ә . Ж .

Жұманазарова А.Б.